

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 қазан N 1627

Нарық жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісі субъектілерінің ақпараттық қамтамасыз етілуін арттыру және ауыл шаруашылығы саласын тиімді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін (бұдан әрі - АШМ АқМЖ) қалыптастырудың тұжырымдамасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеу ережелерін әзірлесін және бекітсін.

3. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс, көлік және коммуникациялар, энергетика, индустрия және сауда министрліктері, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) АШМ АқМЖ Тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне мәліметтердің уақытылы берілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 78 "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі бағдарламаны іске асыру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделетін қаражаттың есебінен АШМ АқМЖ-ны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Облыстардың әкімдеріне "Ауыл шаруашылығының ақпараттық-маркетингтік жүйесін дамыту" бюджеттік бағдарламасын көздеу ұсынылсын.

6. "Агроөнеркәсіп кешенінде бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйе

құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1815

P971815_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 57, 513-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 30 қазандағы

№ 1627 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

ақпараттық-маркетингтік жүйесін (АШМ АқМЖ)

қалыптастырудың

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1. Мақсаты

1.1. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен мемлекеттік органдар, сондай-ақ аграрлық рынокқа басқа да қатысушылар арасында талдау және маркетингтік ақпаратты жедел алмасуды қамтамасыз ету.

1.2. Саланы тиімді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету.

2. Нысанасы және объектісі

2.1. Ауыл шаруашылығы секторында жұмыс істейтін мемлекеттік және

мемлекеттік емес органдарды бірыңғай ақпараттық желіге біріктіру және оның негізінде тенденциялары серпінін көрсетуге қабілетті икемді ақпараттық базаны құру болып табылады.

2.2. Өзіне сандық және сапалық көрсеткіштерді, статистикалық ақпарат пен мәтіндік деректерді қамтитын агроөнеркәсіп сипатындағы ақпарат объект болып табылады.

3. Міндеттері

Мынадай мақсаттарда ақпаратты жинау мен талдамалық өңдеу АШМ АқМЖ-нің

міндеттері болып табылады:

3.1. ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ақпараттық қамтамасыз ету:

- өткізу рыногы мен баға конъюнктурасы жөніндегі ақпаратты;
- ауыл шаруашылығы өндірісіне несие беру жөніндегі ақпаратты;
- агротехнологиялар, сондай-ақ техникалық және технологиялық сервис жөніндегі ақпаратты;
- талдау материалдарын;
- бизнес байланыстарын, әріптес іздеу мен іскерлік байланыстар орнатуды;
- ұсынымдарды;
- салық және кеден заңнамасы жөніндегі консалтингті, нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді және т.б. қамтиды;

3.2. мемлекеттік басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіштері жөніндегі ақпаратты;
- экспорт-импорттың көлемі мен баға көрсеткіштерін;
- өндірістің тауар топтары, салалары және аймақтары бойынша шығындарын;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері бойынша қаржылық-өндірістік және баға теңгерімдерін;

- ауыл шаруашылығы мен басқа да шаруашылықтардың стратегиялық

маңызды көрсеткіштері мен бағыттары жөніндегі ағымдағы жағдай туралы жедел деректерін қамтиды.

4. АШМ АқМЖ-нің қызметіне әкімшілік жүргізу мен үйлестіру

АШМ АқМЖ-нің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі әкімшілік функцияларын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырады, сондай-ақ оған АШМ АқМЖ-не қатысушылардың өзара іс-қимыл жасауын үйлестіру мәселелері жүктеледі.

5. АШМ АқМЖ-нің ақпараттық ағындары

5.1. АШМ АқМЖ-не енетін ақпарат

Ұсынылатын ақпараттың көздері:

Ауыл шаруашылығының облыстық департаменттері (1-қосымша).

Министрліктер мен ведомстволар (2-қосымша)

- Мемлекеттік кіріс министрлігі;
- Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;
- Статистика жөніндегі агенттік;
- Ұлттық Банк;
- Көлік және коммуникациялар министрлігі;
- Тауар биржалары және көтерме рыноктар.

5.2. АШМ АқМЖ-нен шығатын ақпарат

Ақпарат ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін тізбеге сәйкес беріледі (3-қосымша).

6. Техникалық шешім

АШМ АқМЖ-сін құру қолданылып жүрген корпоративтік жүйенің тасымалдау

мүмкіндіктерін пайдалану негізінде жүргізіледі. Мұнда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін және ауыл шаруашылығының облыстық департаменттерін - бөлінген жүйелер бойынша, ал аудандарды - коммутациялық жүйе бойынша іске қосу көзделеді. АШМ АқМЖ-нің негізгі құрылымы мынадай тораптарды қамтиды:

- Әкім (1 бірлік, сервер және АШМ АқМЖ жабдығы)
(10 бірлік, 1 компьютер мен 1 модемнен)
- Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық комитеттері:
 - облыстық (14 бірлік, 2 компьютер мен 2 модемнен)
 - қалалық (36 бірлік, 1 компьютер мен 1 модемнен)
 - аудандық (161 бірлік, 1 компьютер мен 1 модемнен)
- Ауыл шаруашылығы департаменттері:
 - облыстық (14 бірлік, 2 компьютер мен 2 модемнен)
 - аудандық (161 бірлік, 1 компьютер мен 1 модемнен)

АШМ АқМЖ-сін құру мынадай екі кезеңде жүзеге асырылады:

1. АШМ АқМЖ-нің іске қосылуы, 2000 жыл

- Ауыл шаруашылығы министрлігін (Әкімшіні) техникалық қамтамасыз ету:
 - АШМ АқМЖ-сі үшін жабдық сатып алу;
 - бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және сатып алу.
- АШМ АқМЖ-сінің тораптарын техникалық қамтамасыз ету.

Республикалық деңгей:

- компьютерлерді сатып алу - 10 бірлік;
- модемдерді сатып алу - 10 бірлік.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық комитеттері, соның ішінде:
облыстық:

- компьютерлерді сатып алу - 28 бірлік;
- модемдерді сатып алу - 28 бірлік.

қалалық:

- компьютерлерді сатып алу - 6 бірлік;
- модемдерді сатып алу - 6 бірлік.

(мың теңге)

Шығындардың атауы	Қажеттілік	Қаржыландыру көздері	Сомасы
	жалпы саны	баға, Республикалық бюджет** жиыны сы* саны	саны сомасы
АқМЖ-нің тораптарын іске қосу	16	140	16 2 240 2 240
Компьютерлер, соның ішінде:	44	280	44 12 320 12 320
Республикалық деңгей	10	10	2 800
Облыстық деңгей	28	28	7 840
Қалалық деңгей	6	6	1 680
Модемдер, оның ішінде:	44	25	1 100 1 100
Республикалық деңгей	10	10	250
Облыстық деңгей	28	28	700
Қалалық деңгей	6	6	150

Бағдарламалық қамтамасыз ету 2 850 2 850

Жабдық (серверлер, маршрутизаторлар, кәсіптік модемдер, HUBE (қосуға арналған құрылғы), желілік карталар, спутник антенналары, спутник модемдері) 2 290 2 290

Барлығы х 20 800 20 800

* - болжамды бағалар бойынша

** - 2000 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде

2. АШМ АқМЖ-сін дамыту, 2001 жыл.

- АШМ АқЖМ-сі тораптарын техникалық қамтамасыз ету:

Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық комитеттері, оның ішінде: қалалық:

- компьютерлерді сатып алу - 30 бірлік

- модемдерді сатып алу - 30 бірлік

аудандық:

- компьютерлерді сатып алу - 161 бірлік

- модемдерді сатып алу - 161 бірлік

Ауыл шаруашылығы департаменттері, оның ішінде:

облыстық:

- компьютерлерді сатып алу - 28 бірлік

- модемдерді сатып алу - 28 бірлік

аудандық:

- компьютерлерді сатып алу - 161 бірлік

- модемдерді сатып алу - 161 бірлік

АШМ АқМЖ-сін дамытуға 2001 жылға арналған шығындар, теңге*

Шығындардың |Қажеттілік | Қаржыландыру көздері

атауы |-----|-----

|Жалпы |Баға.|Республикалық бюджет** | Жергілікті бюджет

|саны |сы* |-----|-----

| | | саны | сомасы | саны | сомасы

Компьютерлер, оның ішінде:	380	280		189	52 920
Облыстық деңгей	28			28	7 840
Қалалық деңгей	30				
Аудандық деңгей	322			161	45 080
Модемдер, оның ішінде:	380	25		189	4 725
Облыстық деңгей	28			28	700
Қалалық деңгей	30				
Аудандық деңгей	322			161	4 025
Жабдық (серверлер, маршрутизаторлар, кәсіптік модемдер, HUBE (қосуға арналған құрылғы), жүйелік карталар, спутник антенналары, спутник модемдері)	x	x	22 196		
Барлығы	x		22 196		57 645

таблицаның жалғасы:

Шығындардың атауы	Қаржыландыру көздері	Сомасы
	Сыртқы заемдар***	Барлығы
	саны	сомасы

Компьютерлер, оның ішінде:	191	53 480	106 400
-------------------------------	-----	--------	---------

Облыстық деңгей

Қалалық деңгей	30	8 400
----------------	----	-------

Аудандық деңгей	161	45 080
-----------------	-----	--------

Модемдер, оның ішінде:	191	4 775	9 500
---------------------------	-----	-------	-------

Облыстық деңгей

Қалалық деңгей	30	750
----------------	----	-----

Аудандық деңгей	161	4 025
-----------------	-----	-------

Жабдық		22 196
--------	--	--------

(серверлер,
маршрутизаторлар,
кәсіптік модемдер,
HUBE (қосуға
арналған құрылғы),
жүйелік карталар,
спутник антенналары,
спутник модемдері)

Барлығы	58 255	138 096
---------	--------	---------

* - болжамды бағалары бойынша

** - 2001 жылғы арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде

*** - "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" жобасы бойынша ХҚДБ заемы шегінде

7. Бағдарламалық қамтамасыз ету

АШМ АқМЖ-сі үшін бағдарламалық қамтамасыз ету мыналарға мүмкіндік беруге тиіс:

- 7.1. желіге қатысушылар арасында құжаттық айналымды жүйеге келтіруге;
- 7.2. дерекқорды басқаруға;
- 7.3. ақпаратты талдамалық өңдеуді жүргізуге;
- 7.4. өңделген ақпаратты түпкі нысанды ұсынуды қамтамасыз етуге.

8. Ақпарат құпиялылығының мәселелері

Әкімші "Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының "Заңды және жеке тұлғалар құқықтарының кепілдіктері" 13-бабына сәйкес АШМ АқМЖ-сі берген бастапқы статистикалық мәліметтің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

8.1. Қол жеткізу дәрежесі бойынша ақпаратты бөлу:

- а) қорытылған, жиынтық ақпарат (ақысыз);
- б) ақылы негізде ұсынылатын негізгі ақпарат шегінен тыс мақсатты топтардың қажеттіктерін қамтамасыз ететін ақпарат;
- в) жеке тапсырыс - жеке келісім негізінде жеке құн бойынша ұсынылатын арнайы ақпарат.

8.2. Бақылау.

Әкімші желіге қол жеткізудің құпиялылығын қамтамасыз етудің бақылануын жүзеге асырады.

9. Түпкі нәтиже

Ауыл шаруашылығы секторына тікелей және жанама қатысы бар ақпаратты жинақтау және саралау оны Үкіметке, мемлекеттік органдарға және аграрлық рыноктың қатысушыларына жедел ұсыну.

9.1. Ақпаратты ұсынудың нысаны.

- а) Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық бюллетенін ай сайын және тоқсандық кезеңде шығару.
- б) Әлемдік Интернет жүйесінде "Қазақстанның ауыл шаруашылығы" жеке WEB-сайтын қалыптастыру.
- в) Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар.

г) Жүйенің пошта қызметі бойынша нақты сұраныстар бойынша ақпарат беру.

9.2. АШМ АқМЖ-сін пайдаланушылар.

- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі;
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі.

1-қосымша

Ауыл шаруашылығы департаменттерінің АШМ АқМЖ-не беретін ақпараттарының ТІЗБЕСІ

- ауыл шаруашылығы дақылдарының көктемгі егісінің барысы туралы ақпарат;
- шаруашылықтардың барлық санаттары бойынша жаздық дәнді дақылдар тұқымдарының сапасы туралы ақпарат;
- облыстардың ұсыныстары бойынша егістік алқаптарының белгіленетін құрылымы;
- дәнді дақылдар егінін жинау туралы ақпарат;
- облыста бар астық;
- облыста бар астық пен астық өнімдері;
- қызмет түріне лицензия алушы шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тізілімдері;
- республикада бар элеваторлар мен астық қабылдау пункттері;
- облыстар тұрғысында суармалы алқаптарының суды тұтынуы;
- облыста машина-технологиялық стансалар (МТС) құру және олардың жұмысы туралы жедел ақпарат;
- облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарында меншік құқығындағы, сенімгерлікпен басқару құқығындағы (заңды тұлғалар және шаруа қожалықтары (фермерлік) шаруашылықтары тұрғысында) бар ауыл шаруашылығы техникасы мен басқа да көлік құралдарының санаттары мен шығарылған жылы бойынша саны туралы ақпарат;

- облыс бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдарының егіс жұмыстарына техниканы дайындауы жөніндегі ақпарат;
 - облыстың МТС-ларында бар ауыл шаруашылығы техникасы;
 - облыстағы МТС-ларының орналасуы туралы ақпарат;
 - егіс жұмыстарына қажетті жанар-жағармай материалдарының (ЖЖМ) есебі;
 - ауыл шаруашылығы техникасына есептік және нақты қажеттіктер;
 - малдың жұқпалы емес аурулары туралы есеп;
 - малдың жұқпалы аурулары туралы есеп;
- шаруашылықтар мен ұйымдардың қасапхана пункттеріндегі, мал
- дәрігерлік-санитарлық сараптама (МСС) зертханаларындағы мал дәрігерлік-санитарлық қадағалау туралы есеп;
- рыноктағы ет және басқа да тағам өнімдерінің МСС;
 - эпизоотияға қарсы іс-шаралар туралы есеп;
 - шекарадағы мал дәрігерлік постар туралы ақпарат;
 - облыс бойынша мал шаруашылығындағы мал тұқымын асылдандыру жұмысы жөніндегі жедел есеп;
 - сиырлар мен құнажындарды қолдан ұрықтандыру үшін сатылған және пайдаланылған бұқалар ұрығының саны және тиесілі дотациялардың сомасы туралы жиынтық анықтама (ай сайын);
 - өнеркәсіптік шошқа кешендері мен құс фабрикаларының негізгі өндірістік көрсеткіштері;
 - көктемгі тексерулер мен шегірткеге қарсы күрес жүргізудің барысы туралы ақпарат;
 - шегірткеге қарсы күрес жөніндегі жұмыстардың барысы туралы ақпарат;
 - өсімдіктерді қорғаудың дәрі-дәрмектері жөніндегі негізгі ақпарат;
 - негізгі тағам өнімдерінің және ЖЖМ орташа бағасы;
 - базардағы тірі малдың бағасы;
 - дәнді дақылдардың бағасы;
 - диірмендер мен элеваторлардың қызмет көрсету тарифтері;
 - ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша экспорт пен импорттың көлемі;
 - рыноктық инфрақұрылымдарды дамыту туралы ақпарат;
 - әртүрлі арналар арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін сату;
 - ауыл шаруашылығы өнімі мен оны ұқсату өнімдерінің 1 тоннасының өзіндік құны мен шығындарының құрылымы;
 - өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің заттай теңгерімдері;

- ауыл шаруашылығы құрылымдарының ұйымдастыру-құқықтық нысандар тұрғысындағы саны туралы мәліметтер;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын инвесторлардың басқаруына беру туралы анықтама;

- ауыл шаруашылығы ұйымдарының әлеуметтік саласының объектілерін жергілікті органдардың теңгеріміне беру туралы анықтама;

- ауыл шаруашылығындағы экономикалық реформалардың нәтижелері туралы анықтама;

- банкроттық және оңалту рәсімдері қолданылатын шаруашылықтарда конкурстық өндіріс жұмыстарын жүргізудің барысы туралы анықтама;

- конкурстық басқарушылар туралы ақпарат;

- патент негізінде салық салу режиміне ауыстырылған шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы анықтама;

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің мамандандыру аймақтары бойынша өзіндік құны;

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы ақпарат;

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықты лизинг негізінде сатып алу туралы ақпарат;

- тауар-шикізат биржаларының қызметі туралы ақпарат;

- меншік құқығында, сенімгерлікпен басқару құқығында (заңды тұлға

және қожалық (фермерлік) шаруашылықтар тұрғысында) бар мүлік туралы, оның қалдық бағасы көрсетілген ақпарат;

- ауыл шаруашылығы құрылымдарында (заңды тұлға және қожалық (фермерлік) шаруашылықтар тұрғысында) бар жер учаскелері туралы, көлемі көрсетілген ақпарат;

- ауыл шаруашылығы құрылымдарында (заңды тұлға және қожалық (фермерлік) шаруашылықтар тұрғысында), жұмыс істейтін қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы ақпарат.

2-қосымша

Қазақстан Республикасының министрліктері мен
ведомстволары беретін ақпараттың
ТІЗБЕСІ

Мемлекеттік кіріс министрлігі:

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорт-импорты жөнінде ақпарат беру;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге салық салу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны беру;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің республикалық бюджет

алдындағы берешегі жөніндегі жағдай туралы ақпарат;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегендігі туралы ақпарат;
- патент негізінде салық салу режиміне ауыстырылған шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы ақпарат.

Статистика жөніндегі агенттік

- ауыл шаруашылығы өндірісі статистикалық есебінің бекітілген нысандары бойынша ақпарат беру.

Энергетика индустрия және сауда министрлігі:

- берілген электр энергиясы үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің Қазақстан Республикасы аймақтық электр желілері компаниялары алдындағы берешектері туралы ақпарат;
- тұқым себу және егін жинау жұмыстарының ЖЖМ-мен қамтамасыз етілуі, республиканың өңдеу зауыттарындағы өндірілген өнім мен қалдықтары жөніндегі ақпарат.

Ұлттық Банк:

- екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығына несие беруі туралы ақпарат беру.

Көлік және коммуникациялар министрлігі:

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік рыноктағы бағасындағы көлік шығындары;
- ішкі рыноктағы және ТМД елдері рыногындағы ауыл шаруашылығы өнімдері бағасындағы көлік шығындары;
- Қазақстанда, ТМД елдерінде және алыс шет елдерде ауыл шаруашылығы өнімдерін көліктің барлық түрлерімен тасымалдау саласындағы тарифтік саясат жөніндегі ақпарат.

Тауар биржалары және көтерме рыноктар:

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері бойынша баға деректері;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін түрлері бойынша сатудың көлемдері;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің рынокта қажеттігін талдау және болжам жасау.

3-қосымша

АШМ АқМЖ-сін пайдаланушылар беретін ақпараттың ТІЗБЕСІ

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін сату;
- ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және тұтыну теңгерімдері;
- ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты мен импорты;
- ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі түрлерінің бағалары;
- тірі малдың рыноктардағы бағасы;
- облыстардың орталықтары рыноктарындағы бөлшек сауданың орташа бағасы;
- дәнді, майлы және техникалық дақылдар өнімдері негізгі түрлерінің әлемдік бағалары;
- шегірткеге қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жұмыстарын өткізу;
- жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету;
- ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау жұмыстарын жүргізу;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру;
- ұйымдастыру-күқықтық нысандар тұрғысындағы ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны туралы мәлімет;
- ауыл шаруашылығы субъектілерінің қаржылық жағдайы;
- ауыл шаруашылығы құрылымдарында және (заңды тұлғалар мен шаруа қожалықтары (фермерлік) шаруашылықтары тұрғысындағы) жұмыс істейтін қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы ақпарат;
- нарықтық инфрақұрылымын дамыту;
- машина-технологиялық стансалардың жұмысы туралы ақпарат;
- лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарды сатып алу туралы ақпарат;
- тауар-шикізат биржаларының қызметі туралы ақпарат;
- мал шаруашылығындағы мал тұқымын асылдандыру ісі жөніндегі ақпарат;
- республикада бар астық;

- республикада бар элеваторлар мен астық қабылдау пункттері;
- қызмет түріне арналған лицензия алушы шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тізілімдері;
- өсімдіктерді қорғаудың дәрі-дәрмектері жөніндегі негізгі ақпарат;
- диірмендер мен элеваторлардың қызмет көрсету тарифтері;
- шекарадағы мал дәрігерлік постылар туралы ақпарат;
- мамандандырылған аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы тауарларының негізгі түрлерінің өзіндік құны;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден бюджетке түсетін салықтар мен міндетті төлемдердің түсімі туралы ақпарат;

- сүт өңдейтін кәсіпорындар мен шағын цехтар бойынша шығарылатын өнімдердің және қолда бар өндірістік қуаттардың көлемі;
- ет өңдейтін кәсіпорындар мен шағын цехтар бойынша шығарылатын өнімдер және қолда бар өндірістік қуаттардың көлемі;
- қолда бар өндірістік қуаттар және жүн өңдеудің көлемі;
- Қазақстан Республикасы облыстарының тұрғысында суармалы алқаптардың суды т ұ т ы н у ы ;

- ТМД және шет елдер рыноктарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің орташа бағалары;

- ауыл шаруашылығы өндірісіне несие беру;
- республиканың ауыл шаруашылығы құрылымдарында меншік, сенімгерлік басқару құқығындағы (заңды тұлғалар және шаруа қожалықтары (фермерлік) шаруашылықтары тұрғысында) ауыл шаруашылығы техникасы мен басқа да көлік құралдарының (санаттары мен шығарылу жылы тұрғысында) саны туралы ақпарат;
- қалдық құны көрсетілген, меншік, сенімгерлік басқару құқығындағы

қолда бар мүлік туралы (заңды тұлғалар және шаруа қожалықтары (фермерлік) шаруашылықтары тұрғысында) ақпарат;

- ауыл шаруашылығы құрылымдарында бар, көлемі көрсетілген жер учаскелері туралы ақпарат (заңды тұлғалар және шаруа қожалықтары (фермерлік) шаруашылықтары тұрғысында).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК